

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Қорғаныс министрлері кеңесінің мәжілісін өткізу үшін қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 3 маусымдағы N 117-ө
өкімі

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Қорғаныс министрлері кеңесінің мәжілісіне қатысатын, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы қорғаныс министрліктерінің ресми әскери делегациялары мүшелерінің тұруына 2003 жылға арналған республикалық бюджетте 042 "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 4675506 (төрт миллион алты жүз жетпіс бес мың бес жүз алты) теңге сомасында қаражат бөлсін.

Премьер-Министр